

ЕҢБЕК ЖОЛЫ ЕРЕК ҰСТАЗ

Ұлы ғалымдардың көзін көрін, олардан білім алған, кейіннен ғалымдармен бірге ғылыми жаңалықтарды ашып, өз өмірін түгелдей білім жолына арнаған ғалым ұстазды білесіз бе? Бұл азамат Ибрагимов Құдайберген Ибрагимұлы. Ол бүгінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті “Құрылыс және құрылыс материалдары” кафедрасында шәкірттерге білім беріп келеді. Ғалым ұстаздан мен де білім алудамын. Еңбек жолы мен ғылыми жаңалықтардың жаршысы болған ұстаздың өмір жолы да, еңбек жолы да тым ерек.

Ұстазымызбен сабақтан бөлек, түрлі салаларға қатысты тақырыптарды қозғап тұрамыз. Құдайберген ағай көпті көрген ғалым болғандықтан, оның әр айтқан әңгімесі қызыққа толы. Бір күні ол өзінің Шымкент “Су арнасы” басқармасында бас директордың ғылыми істері жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарғанын айтып қалды. Университетте сабақ беріп жүрген қарапайым ұстаз деп ойлаған мұғалімнің басқармада басшылық қызметті атқарғанын естіп аң таң болғанымды жасырмаймын. Ол кейін екі мыңыншы жылдары “ғылыми техникалық және оқу орталығы” ашылғанда бас директор болған екен. Бұны білген соң ғалым ұстаздан: Сіз өзі қай оқу орнынан білім алдыңыз дедім. Ағайым жүзіме қарап: Бір оқу орнынан білім алып, мен университетте қалайша сабақ беремін? Нағыз ұстаз білімді университет,



институттардан бөлек, ғылыми орталықтарда, ғылыми мекемелерде жұмыс атқарып, тәжірибе арқылы білімді өз бойына сіңіруі тиіс, содан кейін ғана, ол нағыз білімді шәкірттеріне бере алады, - деді. Сол сәтте мен Құдайберген Ибрагимұлының біздің университетте сабақ бермей тұрып, біраз жерде білім алып, оны практикалық тұрғыда жүзеге асырып көргеніне сенімді болдым. Сол кезде ғалым ұстаздың ғылыми еңбектеріне қызығушылығымыз артты. Содан ағайымыздың сегіз ғылыми еңбектердің авторы екенін білдім. Ағайдың айтуынша бұл еңбектерді өзінің Ғылыми жетекшісі техника ғылымдарының докторы, профессор, айдағы топырақты толығымен зерттеп, оған тұжырымдама жасаған Игорь Иванович Черкасовпен және басқа да профессорлармен бірлесіп жарыққа шығарғанын айтты. Бұндай ғалым ұлы ұстаздан дәріс алу біз үшін мақтаныш әрі бақыт деп айта аламын.

Шапағат ӨРІСБАЙ,

*М.Әуезов атындағы ОҚУ,
Құрылыс және Құрылыс Ма-
териалдары кафедрасы, СМ-
20-6к2 тобының студенті.*